

Маржаны күнмен шағылысқан сұлу Сырдың бойында күріш дақылын егу жұмыстары сәуірдің 23-нен басталды. Бүгінге дейін 3454 гектары егіліп, суға бастырылды. Күріш дақылының егіс көлемі жоспарланған көлемінен 355 гектарға кем егілген. Ал 2449 гектар картоп, көкөніс, бакша дақылдарын егу жоспарланып, 130 гектар картоп, 1329 гектар көкөніс, 990 гектар бакша дақылы егілді.

– Оракқа түсетін 1318 гектар мал азықтық ескі жоңышқа шөбінің бірінші орымы басталып, 500 гектарынан 1000 тонна жоңышқа шөп дайындалды. Вегетациялық кезеңде су тапшылығының алдын алу мақсатында қолда бар 23 дана СНП-500 су қондырғыларын пайдалануға дайын. Қашыртқылар, каналдарды тазалау, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу жұмыстары бойынша шаруашылықаралық және ішкі каналдардың 199 мың текшеметр топырағы шығарылып, 4 дана гидробекет, 4 дана су құрылысы жөндеуден өткізілді, – дейді Мейрамбек Темірханұлы.

Мамандардың айтуынша, биылғы егіске 1080 тонна күріш тұқымы күйылды. Тұқымының 4 пайызы отандық сорттардан болса, 96 пайызы – ресейлік сорттардың еншісінде. Атап айтқанда, отандық сорттар бойынша «Сыр сұлуы» мен «Маржан» сорты әрқайсысы 20 тоннадан, ресейлік сорттардан 780 тонна «Лидер», 260 тонна «Янтарь» сорты егілді.

Басы 1-бетте



КҮРІШ КӨЛЕМІ 355 гектарға азайды

– Егінге барлық жағдай жасалды. Ауыл шаруашылығы құрылымдарына қажетті минералдық тыңайтқыштың көлемі 3278 тоннаны құрап, толығымен сатып алынды. Оның ішінде 2086,4 тонна аммоний сульфаты, 857 тонна карбамид пен 556,6 тонна аммофос бар. Ал арашөптерге қарсы гербицидтердің қажетті көлемі 3025 литрі толығымен сатып алынды. Ал техникаға келсек, көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 154 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысты. Оның ішінде 97 дана

трактор, 22 трактор тіркемесі, 21 соқа, 9 дән сепкіш, 5 жүк көлігі бар, – дейді бөлім басшысы.

Айтпақшы, көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті 269,5 тонна дизель отынын жеткізіп беруші операторлар «РК Мұнай» және «Жібек жолы LTD» ЖШС белгіленді. Бүгінгі күнге шаруашылық құрылымдарының қажетті дизель отынының сұранысы бойынша жеткізіліп берілуде. Мұндағы баға да жеңілдетілген. Бір литрің 254 теңгеден беруде.

Дәулет ҚЫРДАН

ВЕГЕТАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ: СУДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК

Кеңес барысында су ресурстары және ирригация министрлігіне көршілес елдермен трансшекаралық өзендер бойынша ынтымақтастықты нығайту, су беру лимиттерін бақылауды күшейту және жедел әрекет ету, құрылыстарға жөндеу жүргізу тапсырылды. Сондай-ақ спутник деректерін пайдалана отырып және интерактивті карталарда су тапшы аймақтарды көрсету арқылы суды пайдаланудың цифрлық мониторингін енгізуді қамтамасыз ету қажет.

Су мәселесін талқылаған кеңеске облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысып, аймақтағы жағдайды баяндады.

– Биыл Қызылорда облысында 189400 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес, өткен жылмен салыстырғанда күріш алқаптары 4700 гектарға қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін малазықтық және майлы дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылды.

Егісті сумен қамтамасыз етуге 3 млрд 900 млн текше метр су лимиті бекітілген. Облыста егін егу жұмыстары аяқталып, күріш 80900 гектарға себіліп, суға толық бастырылды.

Суармалы суды тиімді пайдалану мақсатында тиісті министрліктермен бірлесіп, бірқатар шара атқарылуда, – деді аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Бүгінде лазерлік тегістелген күріш алқаптарының көлемі 60 мың гектарға, ал су үнемдеу технологияларын пайдалану екі есеге дейін артып, 8100 гектарға жеткізілді.

Барлық ауданда құрылған арнайы жұмыс топтары түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, суды тиімді пайдалану қатаң бақылауға алынды. Магистралды және шаруашылықаралық каналдар арқылы суды кезектестіріп беру кестесі бекітілген, су осы кестеге сәйкес жіберіледі. Облыс бойынша 357 насос қондырғысы дайындалып, оның 180-і іске қосылған.

Өткен жылы Үкіметтің қолдауының арқасында егіс алқаптарында су тапшылығы болған жоқ. Отырыста облыс әкімі «Шардара» су қоймасынан кемінде 1 млрд 500 млн текше метр су жіберуге ықпал жасауды сұрады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



Жаз маусымы басталғалы бері «жазда қайда баруға болады?» деген сұрақ көптің көкейінде жүргені анық. Бірі шекара асып шетелге барса, енді бірі ел ішінде демалғанды жөн көреді. Бұл күндері жұртшылық демалысты асыға күтіп, қаланың қарбалас өмірінен бір сәт босап, тынығуға қолайлы жер іздейді. Бірі отбасымен демалуға қолайлы орынды таңдаса, енді бірі суға шомылып, жағажайды құп көреді. Қалада ата-анаға да, балаға да демалуға қолайлы жерлер аз емес. Жайдарлы жазда «қызылордалықтар қайда демалады?» деген сауалға жауап іздеп көрдік.

– Аптап ыстықта Қамбаштан артық жер жоқ. Мен үшін Қамбаш – нағыз демалыс орны. Отбасымен тынығуға таптырмас мекен. Көл суының денсаулыққа пайдасы мол. Егер осы бағытта туризмді дамытсақ, ел экономикасына да зор пайдасы тиері анық. Қала қонақтарына да қолайлы. Шетелге шығудан бұрын өзіміздегі осындай табиғи жауһарларды бағалаған жөн. Қызмет көрсету сапасы жақсарса, Қамбаштың мүмкіндігі одан әрі артады. Ең бастысы, қаржы жағынан да тиімді. Шетелге кететін шығынның бірнеше есе үнемделуімен қатар, туған өлкенің экономикасына да үлес қосамыз, – дейді қала тұрғыны.

■ ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Заңсыз нысандарға – заңмен тосқауыл

Қазіргі таңда облыс көлемінде заңсыз салынған нысандар жиі кездесе бастады.

Қала бойынша 158-ге жуық заңсыз нысан бой көтерген. Бұл нысандарда тиісті жер актісі жоқ, рұқсат құжаттары рәсімделмеген, қауіпсіздік сақталмаған. Бұл заңсыздыққа тосқауыл бар ма?



Аймақ басшысының тапсырмасымен арнайы құрылған жұмыс тобы осы мәселеге байланысты тексеру жүргізіп, «Арай» шағын ауданындағы Текей батыр және Ж. Әбдіреев көшелерінің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысандардың бірқатарында заң бұзушылықтарды анықтады. Атап айтқанда, құрылыс жүргізу кезінде белгіленген сызықтан асып, мемлекет меншігіндегі жер телімдерін заңсыз иелену деректері тіркелді.

Мәселен, Ж. Әбдіреев көшесі бойындағы №9, №11 және №17а үйлерде құрылыс нормаларының бұзылғаны белгілі болды. Сонымен қатар осы ауданның аумағы тағы бір мәрте қайта тексерілді. Нәтижесінде «Табын» құрылыс дүкенінің аумағында да заңсыздықтар орын алғаны анықталды. Атап айтқанда, құрылыс материалдары көше бойына қойылған. Бұл – тек жолды бөгеп қана қоймай, тұрғындар үшін де қауіп төндіретін жағдай. Қауіпсіздік талаптары сақталмаған. Мұндай жағдайда адам өміріне қауіп төнуі әбден мүмкін.

Сонымен қатар осы шағын аудандағы азық-түлік дүкендерінің біріне де заңсыз құрылыс жүргізгені үшін қатаң ескерту берілді. Дүкен иесі жаяу жүргіншілер жолын жауып тастаған.

Бұдан бөлек, қала маңындағы дүңгіршектер мен шағын тамақтану орындары – шайхана, доңер орталықтары да тиісті рұқсат құжаттарын рәсімдемей, өз қызметін заңсыз жүргізіп отырғаны анықталды. Көп жағдайда санитарлық талаптар да сақталмаған. Мұндай орындардан тамақ сатып алу денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін.

Бұл жағдай тек шағын нысандармен ғана шектелмейді. Астана даңғылы бойында орналасқан «Айзер» кафеіс де заң талабын сақтамағандардың қатарында. Мұнда да рұқсатсыз құрылыс жүргізілген.

Барлық анықталған заң бұзушылықтар бойынша кәсіпкерлерге ескертулер беріліп, тиісті шаралар қабылданды. Тексеру жұмысы әлі де жалғасуда.

Заңсыз әрекеттен нәтиже шықпайтыны анық. Сондықтан заңға бағыну – әр азаматтың міндеті. Бұл өзгелерге де үлгі болуға тиіс.

Айдана БАХТИЯР



Расында да, ішкі туризмді дамытқанымыз абзал. Қамбаш көлі – облыс тұрғындары арасында ең танымал демалыс орындарының бірі. Бүгінде бұл жер – көптеген тұрғынның күнкөріс көзіне айналып отыр. Балық аулау, тағам әзірлеу, демалушыларға қызмет көрсету, барлығы көл жағасындағы өмірді жандандырып келеді. Үрлемелі қайық, катамаран, гидроцикл сынды су көліктері де келушілерге қолайлы.

Облыс орталығында да тынығуға мүмкіндік мол. Қалалық мәдени-демалыс паркі, Президент саябағы,



жанадан бой көтерген «Арай» демалыс паркі, орталық алаң тұрғындардың сүйікті мекеніне айналған. Балаларға арналған аттракциондар, тынығу алаңдары, заманауи кофеханалар мен мейрамханалар да тұрғындардың талғамына сай. Қауіпсіздік пен тазалық мәселесі де ескерілген.

– Кешкі уақытта балалармен бірге орталық алаңда серуендеген өте қолайлы. Қала тыныш, қауіпсіз. Балаларға арналған ойын және жаттығу алаңдары да бар, – дейді қала тұрғыны Әсемгүл Сапарбекова.

Сондай-ақ қайта жанартылған мәдени-демалыс паркі де тұрғындарға ерекше көңіл күй сыйлауда. 6 гектар



аумақты алып жатқан саябаққа 500-ден аса ағаш отырғызылып, 20 мыңнан астам гүл егілген. Таза ауада серуендеп, табиғатпен етене болуға барлық жағдай жасалған. Сонғы үлгідегі аттракциондар тұрғындар үшін қауіпсіз әрі сапалы. Сонымен қатар субұрқақтар, балалар үшін ойын алаңдары салынды. Жақында бой көтерген «Арай паркін» айтпай кетуге болмас. Аз уақыттың ішінде бұл қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналды. Жаңа дизайн мен кешкі ерекше көрініс жаңа тыныштық сыйлары анық. Жағажайда демалуды жөн көретін жандар үшін «Дала паркі», «Арай» аквапаркі, «Karibi» кешені секілді демалыс орындары іске қосылды. «Арай» аквапаркінде

демалу жұмыс күндері 14 жасқа дейінгі балаларға 2200 теңге көлемінде, ал демалыс күндері 2500 теңгені құрайды. Ересектерге келетін болсақ, жұмыс күндері 3500 теңге, ал демалыс күндері 3800 теңгені құрайды. Талғамымызға сай тағам түрлерін таңдауға да мүмкіндік бар. «Karibi» кешенінде баға жағы қолайлы. Үлкендерге – 3000 мың теңге, балаларға – 2000 теңге. Қызықты ойындар, шоу келушілер үшін арнайы ұйымдастырылған. «Дала паркі» қалалықтардың сүйікті демалыс орны. Сондай-ақ санитарлық талаптар сақталған. Ең маңыздысы жаңа жайлы демалыс орны. Ал сіз қайда демалуды жоспарлап жүрсіз?

Айдана БАХТИЯР

СУҒА ТҮСУДҢ ДЕ ЕРЕЖЕСІ БАР

Жаз айының аптап ыстығында суға шомылуға асыққан тұрғындар, әсіресе балалар мен жасөспірімдер қауіпті елемей, рұқсат етілмеген су айдындарына түседі. Соңғы уақытта аймақта тіркелген қайғылы оқиғалар бұл мәселеге бейжай қарауға болмайтынның көрсетіп отыр.

Суға шомылу маусымы басталғалы өңірде балалардың қауіпсіздігіне ерекше назар аударылуда. Қайғылы оқиғалардың көбеюіне байланысты арнайы рейд жүргізілуде. Мамандар тыйым салынған аумақтарда суға түскендерге ескерту жасап, заңға сәйкес айыппұл салынатынын да еске салуда.

Осыған орай Қызылорда қаласы әкімдігі, облыстық білім басқармасы, Төтенше жағдайлар және Полиция департаменттері бірлесіп, күн сайын профилактикалық рейдтер ұйымдастыруда. Арнайы құрылған топтар қала маңындағы өзен-көлдер мен каналдардың бойын аралап, қауіпсіздік ережелерін түсіндіруде. Қауіпсіздік шараларын сақтамағандарға қатысты тиісті шаралар қолданылуда.

Рейд барысында суға түсуге тыйым салынған аумақтарда жүрген бір топ мектеп оқушысы мен ересек азаматтар анықталды. Оқушылардың ата-аналары шақыртылып, мектеп әкімшілігіне ескерту берілсе, ересектерге әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынды. Бұл жұмыстардың барлығы қайғылы жағдайлардың алдын алуға бағытталған.

– Қазіргі таңда Қызылорда облысының білім басқармасы, төтенше жағдайлар департаменті және полиция департаменті қала әкімдігімен бірлесіп, жоспарлы түрде алдын алу шараларын жүргізіп жатыр. Өкінішке қарай, суға шомылу маусымы басталғалы бірнеше қайғылы жағдай тіркелді. Сондықтан ата – аналардан балаларын қараусыз қалдырмауды, белгіленбеген жерлерге суға жібермеуді және түнгі

туралы кодекстің №412 бабы бойынша 13 хаттама толтырылды. Алдағы уақытта да рейдтік жұмыстар жиі жүргізіледі. Биылдың өзінде 14 адам рұқсат етілмеген жерде суға түсіп, қаза тапты. Оның ішінде 7-еуі балалар. Сондықтан балаларды тек қауіпсіз, арнайы жабдықталған орындарға ғана суға түсуге рұқсат етіңіздер. Қазір жазғы демалыс болғандықтан, балаларды қараусыз қалдырмаңыз-



уақытта үйден жалғыз шығармауды сұраймыз, – дейді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Жаңаберген Парасатұлы.

Су – тілсіз жау. Салғырттық соңы орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Әсіресе жазғы демалыс уақытында балалардың қауіпсіздігіне жіті мән беру – ата-ананың ғана емес, қоғамның ортақ міндеті.

– Жыл басынан бері су айдындарында қауіпсіздік ережесін бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық

дар, – дейді ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, майор Жандос Жүгінісов.

Мамандардың айтуынша, қауіпсіздік шаралары сақталған арнайы жағажайларда құтқарушылар кезекшілік етеді. Ал тыйым салынған аумақтарда мұндай бақылау жоқ. Сондықтан кез келген жағдайда бірінші кезекте әрбір адам өз өмірінің қауіпсіздігін ойлаған жөн.

А.КЕТЕБАЙ

– Кейінгі жылдары мемлекеттік қызметке қабылдауда қандай өзгерістер болды?

– Елімізде мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесінде бірқатар маңызды өзгеріс бар. Бұл мемлекеттік қызметке іріктеу жұмысын жеңілдету, ашықтықты қамтамасыз ету және цифрландыру арқылы тиімділікті арттыру мақсатында жүзеге асуда.

2023 жылдың 1 наурызынан бастап мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі пилоттық режимде сынақтан өтуде. Биыл 1 шілдеден бастап 31 желтоқсанға дейін барлық мемлекеттік орган мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі бойынша конкурс өткізуге көшеді. Яғни үміткерлер барлық кезеңдерден – өтініш беру, тестілеу, әңгімелесу – онлайн түрде өте алады. Бұл мақсатта eQyzmet («eqyzmet.gov.kz») атты электрондық платформа іске қосылды. Жаңа жүйе арқылы құжаттарды электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) көмегімен тапсыру мүмкіндігі қарастырылған.

Тағы бір атап айтарлығы, тестілеу бағдарламасы жеңілдетілді. Бұрын үміткерлер 9 заң бойынша тест тапсыруы тиіс болса, қазіргі таңда тек 4 негізгі заң қамтылады. Конкурстық құжат тапсыру тәртібі де оңтайландырылды. Енді үміткерлер тек диплом мен резюмесін ұсынады. Қалған құжаттар үміткер конкурстың нәтижесі бойынша оң баға алған жағдайда ғана сұралады. Бұл қағазбастылықты азайтып, қабылдау үдерісін жеделдетеді. Онлайн тестілеудің әділдігін қамтамасыз ету үшін «прокторинг» жүйесі енгізілді. Бұл жүйе арқылы тестілеу барысында бақылау жүзеге асырылады, яғни тест тапсыру кезінде алаяқтық әрекеттердің алдын алады. Барлық конкурстық рәсім бейнежазба арқылы тіркеліп, ашық жүргізіледі. Яғни комиссия шешімінің әділдігіне күмән болған жағдайда шағымдануға болады.

Бұл өзгерістер мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін ашық және үміткерлер үшін тиімді етуге бағытталған. Цифрлық технологияларды енгізу, бюрократиялық рәсімдерді қысқарту және жастарға қолдау көрсету – қазіргі мемлекеттік кадр саясатының негізгі басымдығының бірі.

– Мемлекеттік қызметшілер тарапынан заң бұзушылықтар анықталған жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылған?

Басы 1-бетте

Ерлеген МЕНДАЛИЕВ, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛУ — ҮЛКЕН АБЫРОЙ



– ҚР «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 44-бабы 3 тармағына сәйкес мемлекеттік қызметші тарапынан заң бұзушылықтар анықталған жағдайда ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту, сайлану негізінде тағайындалған мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, мемлекеттік лауазымын төмендету, қызметтен босату түріндегі тәртіптік жазалар көзделген.

Тәртіптік теріс қылық жасаған, немесе әдеп нормаларын бұзған жағдайда мемлекеттік қызметшіге ескерту, сөгіс және қатаң сөгіс түріндегі жазалар қолданылады.

Егер тәртіптік жаза бола тұра мемлекеттік қызметші тарапынан қайта заң бұзушылық жасалса, онда оған мемлекеттік лауазымын төмендету, ал төмен лауазым болмаған жағдайда қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі жаза қолданылады.

Егер осы көрсетілген жазалар болып, қызметші тарапынан қайта теріс қылық жасалса, онда оны атқаратын мемлекеттік оны қызметінен босату түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметші тарапынан мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасаған жағдайда оған тәртіптік жазасы барлығына қарамастан және тәртібіне қарай оған мемлекеттік лауазымын төмендетуге, ал төмен тұрған бос мемлекеттік лауазым болмаған жағдайда қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Әдеп жөніндегі кеңеспен 2025 жылдың 5 айында 4 отырыс өткізіліп, 18 мәселе қаралды, оның 6-ы тәртіптік істер. Тәртіптік істерді қарау нәтижелерімен Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін 1 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 2 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұл мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылықтардың үлесі азайғандығын көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселесі бойынша 50 өтініш келіп түсті, 16 өтініш бойынша тексеру жүргізілді, соның ішінде 5 қызмет алушының дәлелдері расталып, құқығы қалпына келтірілді және

қорғалды. Мемлекеттік органға сұрау салу арқылы 1 қызмет алушының дәлелдері расталып, құқығы қалпына келтірілді. Рұқсат құжаттарын беру мерзімі мен тәртібін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 465-бабы бойынша 5 әкімшілік қаттама толтырылды, 216260 теңге көлемінде айыппұл салынып, толық төленді. Тәртіптік жауапкершілікке мемлекеттік органдар мен ұйымдардың 11 қызметкері тартылды.

– Агенттік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жүзеге асып жатқан жұмыстар жөнінде айтып өтсеңіз...

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы Әдеп жөніндегі кеңес туралы ережесіне сәйкес Әдеп жөніндегі кеңес өз отырыстарында мемлекеттік органдардың бірінші басшылардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындыларын және мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң бұзушылықтардың профилактикасы бойынша жұмысының қорытындыларын қарайды. Нәтижесінде мемлекеттік қызмет заңнамасы мен Әдеп кодексі талаптарының қатаң сақталуы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша тиісті шараларды қабылдау туралы ұсыныстары беріледі.

Профилактикалық мәселелерді қарау нәтижесімен Әдеп жөніндегі кеңеспен бірлесе 43 ұсыныс енгізілді. Ұсыныс толығымен орындалды.

– Мемлекеттік жұмысқа тұру үшін таныс керек пе?

– Осындай ойдан арылатын уақыт келді. Қазір білімдінің заманы. Мемлекеттік қызметке белсенді, білімді және талантты

жастарды тарту, сондай-ақ олардың қатарынан резерв қалыптастыру үшін тиісті жағдайлар жасау жөніндегі міндет бүгінде аса өзекті. Себебі әркім өзінің қолмақсасының мықты болғанын қалайды. Тамыр-таныс іздеген адам бұл қызметтен ығысып қалады. Ал өз білімі мен білігін көрсете білген маманға мүмкіндіктер есігі ашылары анық. Біз аудан, ауылдарға барып, жастармен кездесу ұйымдастырамыз. Мемлекеттік қызметке тұрудың шарттарын түсіндіреміз. Байқасақ, жастардың қызығушылығы төмен, тіпті кездесуге адам аз келетін ауылдар да бар. Маған жеке қабылдауға келгендердің басым бөлігі мемлекеттік қызметке тұру мәселесімен келеді. Менің айтатыным, білімді болуға ұмытылу қажет. Таныс іздейтін заман кетті. Алдағы уақытта тек білімді адамдар алға озады. Сондықтан мемлекеттік қызмет қызықтырса, конкурс арқылы жұмысқа орналасуға мүмкіндік бар. Мемлекеттік қызмет, әсіресе, жастар үшін үлкен мүмкіндік.

– Мереке қарсаңында әріптестеріңізге газет арқылы тілегіңізді білдірсеңіз...

– Сыр өңірінде үш мыңнан астам мемлекеттік қызметші табысты еңбек етіп, аймағымыздың дамуына сүбелі үлесін қосуда. Мемлекеттік қызметшілердің 791-і жастар болса, 1471-і нәзік жандар. Басшы лауазымдағы әйелдердің саны 294-ті құрайды, қызметшілердің 95,3% жоғары білімді.

Мемлекеттік қызметші – ел дамуының тірегі, халықтың мемлекетке деген сенімінің айнасы. Тәуелсіздік алған күннен бастап елімізде мемлекеттік қызмет жүйесі дамуың түрлі кезеңдерінен өтті. Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саяси реформаларының аясында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, ашықтықты арттыру, халыққа сапалы қызмет көрсету сынды маңызды бағыттар жүзеге асуда. Бұл – мемлекеттік қызметшілерге деген талаптың бұрынғыдан да жоғары екенінің көрінісі. Осы орайда, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің атынан барша мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтаймын!

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан:
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Мақсат ХАСЕНОВ, учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры:

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫНАН АСҚАН ҚҰРМЕТ ЖОҚ

Мақсат Серікұлы 2003 жылы полиция қызметкері боламын деп оқуға тапсырады. Бірақ сынақтан өте алмайды. Кеудедегі асқақ арман осы саланың бел ортасында еңбек етіп, халыққа қызмет етуге бағытталған. Цифрлық жатқаныма 8 жылдан асты. Халықтың белсенділігі де жоғары. Әрбір келесіз жағдайда жұмыла кетеміз. Ал істеген қызметің үшін халықтан алғыс алып жатқандағы сезім ерекше. Біреуге пайдаң тиіп, жұртқа жасаған жақсылығыңның рахаты өз алдына, – дейді білікті маман.

– Халықтың алғысынан асқан құрмет жоқ. Біздің алған тәрбиemiz де, алға қойған айқын мақсатымыз да – осы. Басқа салаға қарағанда бұл қызметтің ең басты ерекшелігі – халыққа біртәбан жақын жүретінінде. Дәл осы аумақта жұмыс істеп жатқаныма 8 жылдан асты. Халықтың белсенділігі де жоғары. Әрбір келесіз жағдайда жұмыла кетеміз. Ал істеген қызметің үшін халықтан алғыс алып жатқандағы сезім ерекше. Біреуге пайдаң тиіп, жұртқа жасаған жақсылығыңның рахаты өз алдына, – дейді білікті маман.

Жыл сайын құрмет төріне шығып, марапат мінберінен көрініп жүрген Мақсаттың қоржынында облыс әкімінің «Үздік сакшы» номинациясы бар. Одан бөлек, облыс, қала әкімдерінің Алғыс хаттарымен де марапатталған. Үздік

Басы 1-бетте



учаскелік полиция инспекторы ретінде алғыс алған сәттері жетерлік. Оның қай-қайсысынан да халықтың алғысын жоғары қоятын ол балалары полиция қызметкері болса қуанатынын айтты.

– Әр баланың өз тандауына қараймын. Құдай берген екі қыз, бір ұлым бар. Олар болашақта жолымды қуып, полиция қызметкері болса, әрине, қуанамын. Бірақ олардың өз



тандауын сыйлаймын. Қандай істі де шын сүйіп, сол салаға бар күш-жігеріңді салмасаң, сенен мықты маман шықпайды. Демек, олардың өздері мықты болуы үшін арманындағы салаға барғаны жөн, – дейді бала тәрбиесіне де ден қойған құқық қорғаушы.

Қоғам тыныштығын кірпік қақпай күзетіп, елдің қауіпсіздігін бірінші орынға қоятын сакшы нағыз полиция қызметкері қандай болуы керекін де айтты.

– Иығына таққан сенің – елдің аманаты. Оған жеткен соң, абыроймен алып жүру деген бар. Халық полициядан қорықпау керек, өзіне қорған санау керек. Мәселесі болса, соны шешуге көмек сұрау қажет. Мен сондықтан елдің ортасындамын. Біз келесіз жағдайларда, шақырыстарда ғана

емес, басқа күндері де тыным таппаймыз. Өз аумағымызда тізімде тұрған азаматтармен кездесеміз. Тұрғындардың мәселесін тыңдаймыз. Елдің тыныштығы жолында таңнан бастап, түн жарымға дейін тік тұрып, қызмет етеміз. Жоғарыда айтылған аманат деген ұғым бар. Сол ұғым әркез біздің ойымызда тұрады, – дейді жауапкершілігі жоғары маман.

Біз шығып бара жатқанда Мақсатты іздеп тұрғындар келіп жатты. Олардың көзқарасында үрей мен қорқыныш жоқ. Керісінше, сакшыға деген сенім бар. Міне, елге қызмет ететін маман осындай болады.

Дәулет ҚЫРДАН

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



Жауапкершілігі жоғары салада уақытпен санаспай, күні-түні жасаған қызметтеріңіз үшін зор алғыс, – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарала медицина қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, Қызылорда қалалық көпбейінді ауруханасының кеңесші хирург дәрігері Юрий Фотиаді «Құрмет» орденімен, «Қазілетрозорий» мекемесі Тасбөгет бөлімшесінің менгерушісі Анаркул Нұрғалиева «Шапағат» медалімен марапатталды. Ал сала ардагері Асылбек Тоғызбаевқа «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы табысталды.

Сонымен қатар үздік мамандар денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» медаліне, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне ие болды.

Медицина қызметкерлеріне көрсетілген бұл құрмет – олардың еңбегіне деген жоғары бағасының айғағы. Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасты.

Басы 1-бетте

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



